

Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы лауазымды адамдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруы жөніндегі қағидаларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 18-02/59 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 13 наурызда № 10426 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 31 шілдедегі № 322 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 31.07.2018 № 322 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 13-бабының 1-тармағының 18-37) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы лауазымды адамдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруы жөніндегі қағидалар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрі

_____ Қ. Қасымов

2015 жылғы 10 ақпан

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 30 қаңтардағы
№ 18-02/59 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы лауазымды адамдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруы жөніндегі қағидалар

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы лауазымды адамдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруы жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 13-бабының 1-тармағының 18-37) тармақшасына (бұдан әрі – Орман кодексі) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы лауазымды адамдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруы тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы Орман кодексінің 20-бабының 1-тармағына сәйкес орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру, жануарлар дүниесі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті (бұдан әрі – Ведомство) мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарынан (бұдан әрі – лауазымды адам) тұрады.

3. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды Ведомство мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы орман заңнамасының талаптарын сақтауы мақсатында жүзеге асырады.

2. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру тәртібі

4. Лауазымды адамдар Орман кодексінің 21-бабының 1-тармағына сәйкес:

1) ормандарды күзету, қорғау, молықтыру және орман пайдалану жөніндегі жұмыстар мен іс-шаралардың барлық түрлерін тексеруді жүзеге асырады;

2) ормандарда орман шаруашылығын жүргізумен және орман қоры аумағында орман пайдаланумен байланысты емес жұмыстарды жүргізген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының орман заңдары, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдары саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасайды;

4) мынадай:

Қазақстан Республикасының орман заңнамасы бұзылған жағдайда кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы;

сот шешімі шығарылғанға дейін уақытша сақтау үшін алынған орман ресурстарын, көлік құралдарын, оларды алу құралдарын алып қою туралы қаулылар шығарады;

5) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығын тоқтата тұрады, шектейді, тоқтатады;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының орман заңдарын, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдарын бұза отырып мемлекеттік орман қорына келтірілген залалды өтеу туралы талаптар қояды;

7) тиісті мемлекеттік органдардың басшыларына Қазақстан Республикасының орман заңнамасын, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту мен пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңнамасын бұзуға жол берген лауазымды адамдарды жауапқа тарту жөнінде ұсыныс енгізеді;

8) заңсыз қолға түсірілген орман ресурстарын, көлік құралдарын және құқық бұзушылықтарды жасау құралдары болып табылатын өзге де заттарды алып қояды, сот шешімі шығарылғанға дейін олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

5. Лауазымды адамның Қазақстан Республикасы орман заңнамасы талаптарының сақталуын тексеруі ведомствоның немесе оның аумақтық бөлімшесінің басшысы шығаратын тексеру тағайындау туралы бұйрықтың негізінде жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік бақылау мен қадағалауды лауазымды адам Орман кодексінің 21-бабының 2-тармағына сәйкес:

1) орман шаруашылығы іс-шараларының орындалу сапасын және олардың мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман орналастыру жобаларына сәйкестігін;

2) орман қорының сандық және сапалық өзгерістерін, орманның санитариялық жай-күйін, ормандағы ағаштардың патологиялық жағдайын;

3) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын орман пайдалануға беру тәртібін және ұзақ мерзімді орман пайдалану шарттарының сақталуын;

4) ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптарының, ормандағы өрттердің алдын алу жөніндегі, оларды дер кезінде байқау мен жоюды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, сондай-ақ өртеңдер алаңының есебін жүргізудің дәлдігін және мемлекеттік орман қорына өрттен келген нұқсанды анықтау, орман өрттерінің зардаптарын жою жөніндегі шаралардың уақтылы қабылдануын;

5) ормандарды орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының пайда болуының, таралуының, екпелердің табиғи, антропогендік және техногендік сипаттағы қолайсыз әсерлерден қурап-солып қалуының алдын алу жөніндегі шаралардың дер кезінде қабылдануын, олардың есебін жүргізу мен болжаудың дәлдігін;

6) кеспеағаш аймағын бөліп беруді;

7) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату және ағаш кесу ережелерінің, орман пайдаланудың өзге де ережелерінің сақталуын;

8) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ормандарындағы күзет режимдерінің сақталуын;

9) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман тұқымдарының аудандастырылуының, орман тұқымдарының дайындалуының, өңделуінің, сақталуының және пайдаланылуының орындалуын, питомник шаруашылығының жүргізілуін;

10) орман қоры жерлерінің олардың нысаналы қызметіне сәйкес пайдаланылуын және осы жерлердің қорғалуын;

11) құрылыс жұмыстары, пайдалы қазбаларды өндіру, коммуникацияларды тарту және орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты емес өзге де жұмыстарды орындау кезінде мемлекеттік орман қорын пайдалану тәртібінің сақталуын;

12) Қазақстан Республикасының орман заңдарының, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдарының өзге де талаптарының орындалуын тексеру арқылы жүзеге асырады.

7. Лауазымды адам орман заңнамасының бұзылуын байқаса, орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласында жеке және заңды тұлғалар жүргізіп жатқан жұмыстар мен іс-шараларды тексеруді, сондай-ақ мемлекеттік орман қорының аумағында орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты емес жұмыстар жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптің сақталуына бақылауды жүзеге асырады.

8. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша лауазымды адам субъектінің немесе оның заңды өкілінің қатысуымен:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы орман заңнамасының сақталуын тексеру актісін (бұдан әрі – тексеру актісі) жасайды.

Тексеру актісінің бір данасы, тексеріліп отырған субъектіде түпнұсқасы бар құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, танысу және анықталған тәртіп бұзушылықтарды (олар анықталған жағдайда) жою жөнінде шаралар қолдану және басқа да әрекеттер жасау үшін тексеріліп отырған субъектіге немесе оның заңды өкіліне тапсырылады;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы орман заңнамасының анықталған тәртіп бұзушылықтарын жою бойынша екі данада ұйғарым (бұдан әрі – ұйғарым) жасайды, ол ұйғарымда белгіленген мерзімде орындау үшін міндетті болып табылады.

Ұйғарымның бір данасы танысу және анықталған тәртіп бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолдану үшін тексеріліп отырған субъектіге немесе оның заңды өкіліне тапсырылады.

Анықталған тәртіп бұзушылықтар ұйғарымда көрсетілген мерзімде жойылмаған жағдайда тексеріліп отырған субъектіге 2014 жылғы 5 шілдедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес шаралар қолданылады.

9. Профилактикалық-алдын алу сипатындағы рейділік іс-шараларды жүзеге асыру кезінде лауазымды адам тәртіп бұзушылық анықталған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы анықтама, ұйғарым және (немесе) іс қозғалмайтын қорытынды жасайды, бірақ тексеріліп отырған субъектіге оны жою тәртібін міндетті түрде түсіндіреді.

10. Лауазымды адам:

1) мемлекеттік орман қорының аумағында:

ағаштың заңсыз кесілу фактісі;

ағаштар мен бұталардың жойылуы немесе зақымдануы;

орман тұқымбақтары мен плантацияларда орман ағаштарының, калемшелердің, көшеттердің, табиғи өскен жас талдардың, ормандарды молықтыру мен орман өсіруге арналған алқаптарда өркендердің, тұқымнан өсіп шыққан шыбықтардың жойылуы немесе зақымдануы;

отқа абай болмау салдарынан немесе өзге аса қауіптілік көзінен ағаштар мен бұталардың жойылуы немесе зақымдануы бойынша тәртіп бұзушылықтар;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда:

ерекше қорғалатын табиғи аумақ режимінің бұзылуы;

мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектісінің қасақана зақымдалуы немесе жойылуы бойынша тәртіп бұзушылықтар байқалған жағдайда материалдарды дереу құқық қорғау органдарына береді.

11. Ведомствоның аумақтық бөлімшелері шешімдерге шағымданудың және оларды орындаудың қолданыстағы мерзімдерін ескере отырып, анықталған Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзу фактілері бойынша материалдардың әртүрлі инстанцияларда орындалуына және өтуіне мониторинг жүргізеді.

12. Тәртіп бұзушылықтарды есепке алу, тәртіп бұзудың саны, түрлері және орындары бойынша олардың үрдісін талдау мақсатында осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзушылықтарды, алынып қойылған табиғатты заңсыз пайдалану құрал-саймандары мен заңсыз олжаланған орман ресурстарын тіркеу журналы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
мемлекеттік орман инспекциясы
лауазымды адамдарының орман қорын
күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды
молықтыру жән орман өсіру саласындағы
мемлекеттік бақылау мен қадағалауды
жүзеге асыруы жөніндегі қағидаларға
1-қосымша

Нысан

(орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің атауы)

(пошталық мекенжайы, телефоны, телефаксы)

Қазақстан Республикасы орман заңнамасының сақталуын тексеру актісі

№ _____

(объектінің орналасқан жері)

20__ жылғы "___" _____.

Мен, мемлекеттік орман инспекциясының лауазымды адамы:

(тегі, аты, әкесінің аты (болса))

(бұйрықтың немесе басқа нормативтік құжаттың негізінде)

Қазақстан Республикасы Орман кодексінің талаптарына сәйкес _____

(тексерілетін субъектінің атауы, пошталық мекенжайы, (тұрғылықты жері))

(тексерілетін субъектінің не басшының тегі, аты, әкесінің аты (болса))

орналасқан жері _____

колдары: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болса))

_____ данада _____ парақта жасалды.

бірінші дана _____

екінші дана _____

үшінші дана _____

Актімен таныстым және бір данасын алдым 20__ жылғы " __ " _____

Тексерілетін субъектінің өкілі не басшысы: _____

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болса))

Тіркеу нөмірі _____

—

Қазақстан Республикасы
мемлекеттік орман инспекциясы
лауазымды адамдарының орман қорын
күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды
молықтыру жән орман өсіру саласындағы
мемлекеттік бақылау мен қадағалауды
жүзеге асыруы жөніндегі қағидаларға
2-қосымша

Нысан

(орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің атауы)

(пошталық мекенжайы, телефоны, телефаксы)

20__ жылғы "___" _____.

Тексеріліп отырған субъектіге: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болса))

**Қазақстан Республикасы орман заңнамасының анықталған
бұзушылықтарын жою бойынша
ұйғарым № _____**

20__ жылғы "___" _____ №__ Қазақстан Республикасы орман
заңнамасының сақталуын тексеру актісі негізінде мынадай іс-шараларды
орындауға ҰЙҒАРЫМ ЖАСАЙМЫН:

Р/с №	Ұйғарымның мазмұны	Орындау мерзімі

Осы ұйғарым міндетті түрде орындалуға жатады.

Тексерілетін субъект Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің немесе оның аумақтық бөлімшесінің атына (керегі сызылсын) осы ұйғарымның орындалуы туралы ақпарат жіберсін. Ұйғарымның орындалмауы немесе тиісті дәрежеде орындалмауы үшін кінәлі тұлға 2014 жылғы 5 шілдедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Уәкілетті лауазымды адам _____

20__ жылғы " __ " _____

Ұйғарымды алдым: _____

(тексерілетін субъект өкілінің не басшысының қолы, тегі, аты,
әкесінің аты (болса)

20__ жылғы " __ " _____

Тіркеу нөмірі _____

Қазақстан Республикасы
мемлекеттік орман инспекциясы
лауазымды адамдарының орман қорын
күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды
молықтыру және орман өсіру
саласындағы
мемлекеттік бақылау мен қадағалауды
жүзеге асыруы жөніндегі қағидаларға
3-қосымша

Нысан

**Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзушылықтарды,
алынып қойылған табиғатты заңсыз пайдалану құралдарын және
заңсыз олжаланған орман ресурстарын тіркеу
журналы**

№	Хаттама жасалған күн, хаттама жасаған адамның тегі, және аты-жөні	Тәртіп бұзушылықты анықтауға және болдырмауға қатысқан адамдардың тегі және аты-жөні	Тәртіп бұзушының тегі және аты-жөні (лауазымды адам үшін – лауазымы және ұйымның атауы)	Тәртіп бұзушылық жасалған және дайындалған жер (субъектінің атауы, орам №)	Тәртіп бұзудың мән-жайы	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулының нөмірі және күні
1	2	3	4	5	6	7

Журналдың жалғасы:

Айыппұл сомасы, теңге	Залал сомасы теңге	Заңсыз олжаланған орман	Табиғатты заңсыз пайдалану құралдары мен заңсыз олжаланған орман ресурстары алынды	Сақтауға қайда тапсырылды (қабылдау	Табиғатты заңсыз пайдалану құралдары мен заңсыз олжаланған орман ресурстары тәркіленді
-----------------------	--------------------	-------------------------	--	-------------------------------------	--

салынды	өндіріп алынды	берілді	Өндіріп алынды	ресурстарының құны, теңге	Құрал түрлері және орман ресурстарының атаулары	Саны және олардың құны	актісінің № және күні)	Құрал түрлері және орман ресурстарының атаулары	Саны және олардың құны
8	9	10	11	12	13	14	15	16	17

Журналдың жалғасы:

Табиғатты заңсыз пайдалану құралдары мен заңсыз олжаланған орман ресурстары қайтарылды		Табиғатты заңсыз пайдалану құралдары мен заңсыз олжаланған орман ресурстары өткізілуге берілді		Табиғатты заңсыз пайдалану құралдары мен заңсыз олжаланған орман ресурстарын өткізуден бюджетке түсті, мың теңге	Табиғатты заңсыз пайдалану құралдары мен заңсыз олжаланған орман ресурстары қалды (саны/құны)	
Құрал түрлері және орман ресурстарының атаулары	Саны және олардың құны	Құрал түрлері және орман ресурстарының атаулары	Саны және олардың құны		Құрал түрлері және орман ресурстарының атаулары	Саны және олардың құны
18	19	20	21	22	23	24